

УТВЕРЖДЕНЫ  
решением Единственного акционера  
АО «ИО «Казахстанская Ипотечная  
Компания»  
от «23» января 2019 года  
(протокол Правления  
акционерного общества  
«Национальный управляющий  
холдинг «Байтерек»



**Изменения и дополнения №7  
в Устав акционерного общества  
«Ипотечная организация «Казахстанская Ипотечная Компания»**



Внести в Устав акционерного общества «Ипотечная организация «Казахстанская Ипотечная Компания» (далее – Устав) следующие изменения и дополнения:

1. По всему тексту Устава слова «регистратор Общества» заменить словами «центральный депозитарий» в соответствующих контексту падежах.

2. В пункте 6.4. Устава слова «в средствах массовой информации» заменить словами «на казахском и русском языках на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности».

3. Пункт 7.3. Устава изложить в следующей редакции:

«7.3. Единственный акционер обязан:

1) оплатить акции;

2) в течение десяти рабочих дней извещать центральный депозитарий и (или) номинального держателя акций, принадлежащих данному акционеру, об изменении сведений, необходимых для ведения системы реестров держателей акций Общества;

3) не разглашать информацию об Обществе или его деятельности, составляющую служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;

4) исполнять иные обязанности в соответствии с Законом и иными законодательными актами Республики Казахстан.

Общество и центральный депозитарий и (или) номинальный держатель не несут ответственности за последствия неисполнения Единственным акционером требования, установленного подпунктом 2) настоящего пункта.»

4. Подпункт 18) пункта 9.1. Устава изложить в следующей редакции:

«18) определение порядка предоставления Единственному акционеру информации о деятельности Общества;».

5. Подпункт 25-1) пункта 9.1. Устава изложить в следующей редакции:

«25-1) принятие решения о заключении Обществом крупной сделки, в результате которой (которых) обществом приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов Общества на дату принятия решения о сделке, в результате которой (которых) приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости его активов либо заключение Обществом крупной сделки, в совершении которой имеется заинтересованность;».

6. Подпункт 2) пункта 9.6. Устава изложить в следующей редакции:

«2) центральным депозитарием в соответствии с заключенным с Обществом договором;».

7. Дополнить пункт 10.2. Устава подпунктом 31-2) следующего содержания:

«31-2) проведение оценки деятельности Совета директоров и его комитетов, а также рассмотрение результатов деятельности Совета директоров и его комитетов;».

8. Пункт 10.11. Устава изложить в следующей редакции:

«10.11. Единственный акционер вправе досрочно прекратить полномочия всех или отдельных членов Совета директоров. Полномочия такого члена Совета директоров прекращаются с даты принятия Единственным акционером решения о досрочном прекращении его полномочий. Досрочное прекращение полномочий члена Совета директоров по его инициативе осуществляется на основании письменного уведомления Совета директоров. Полномочия такого члена Совета директоров прекращаются с момента получения указанного уведомления Советом директоров, если в уведомлении не указана дата досрочного прекращения полномочий члена Совета директоров.».

9. В пункте 10.23. Устава слова «и оттиском печати Общества» исключить.

10. Подпункт 6) пункта 11.10. Устава изложить в следующей редакции:

«6) утверждение организационной структуры, в рамках утвержденной Советом директоров общей численности работников Общества с предварительным письменным согласованием с АО «НУХ «Байтерек». При этом допускается изменение организационной структуры не более одного раза в календарный год, за исключением случаев, когда изменения организационной структуры Общества связаны с реализацией государственных (отраслевых) программ, но не более одного раза в календарный год;».


11. Пункт 15.5. Устава изложить в следующей редакции:

«15.5. Общество обязано осуществлять раскрытие на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности и интернет-ресурсе фондовой биржи информации в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг» и нормативным правовым актом уполномоченного органа.».

12. В части третьей пункта 15.6. Устава слова «корпоративном веб-сайте» заменить словами «корпоративном интернет-ресурсе».



Председатель Правления  
акционерного общества «Ипотечная организация  
«Казахстанская Ипотечная Компания»

  
Мухамеджанов Галив Бектасов

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ»  
АҚ-ның Жалғыз акционері «Бәйтерек»  
Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік  
қоғамы Басқармасының  
2019 жылғы «23» қаңтар

шешімімен («Бәйтерек» Ұлттық басқарушы  
холдингі» акционерлік қоғамы  
Басқармасының №05/19 хаттамасы)

**БЕКІТІЛДІ**



**«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы»  
акционерлік қоғамының Жарғысына  
№7 өзгерістер мен толықтырулар**

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Жарғының тұтас мәтіні бойынша «Қоғамның тіркеушісі» сөздері «орталық депозитарий» сөздеріне мәтінге сәйкес септіктермен ауыстырылсын.

2. Жарғының 6.4-тармағындағы «бұқаралық ақпарат құралдарында» сөздері «қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде» деген сөздерге ауыстырылсын.

3. Жарғының 7.3-тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

«7.3. Жалғыз акционер:

1) акцияларды төлеуге;

2) Орталық депозитарийді және (немесе) осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына он жұмыс күні ішінде Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

Жалғыз акционердің осы тармақтың 2) тармақшасында бекітілген талаптарды орындамауының салдары үшін Қоғам мен орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы жауапты болмайды.»

4. Жарғының 9.1-тармағының 18) тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«18) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібін айқындау;».

5. Жарғының 9.1-тармағының 25-1) тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«25-1) нәтижесінде оның активтерінің теңгерімдік құнының жалпы көлемінен елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдаған күні Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы көлемінен елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасауы туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның жасалуында мүдделілігі болған ірі мәмілені жасауы;».

6. Жарғының 9.6-тармағы 2) тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«2) Қоғам бекіткен шартқа сәйкес орталық депозитариймен;».



7. Жарғының 10.2-тармағы келесі мазмұндағы 31-2) тармақшамен толықтырылсын:

«31-2) Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметіне бағалау жүргізу, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен оның комитеттері қызметінің нәтижесін қарау;».

8. Жарғының 10.11-тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

«10.11. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Жалғыз акционердің оның өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.».

9. Жарғының 10.23-тармағында «және Қоғамның мөрі басылған» деген сөздер алынып тасталсын.

10. Жарғының 11.10-тармағының 6) тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«6) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-мен алдын ала жазбаша түрде келісе отырып, Қоғам жұмыскерлерінің Директорлар кеңесі бекіткен жалпы саны аясында ұйымдық құрылымды бекіту. Бұл ретте, Қоғамның ұйымдық құрылымын өзгерту мемлекеттік (салалық) бағдарламаларды іске асырумен байланысты жағдайларды қоспағанда, күнтізбелік жылда бір реттен асырмай өзгеріс енгізуге жол беріледі;».

11. Жарғының 15.5-тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

«15.5. Қоғам «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органың нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында жария етуге міндетті.».

12. Жарғының 15.6-тармағы үшінші бөлімінде «корпоративтік веб-сайтында» сөздері «корпоративтік интернет-ресурста» сөздеріне ауыстырылсын.





Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,  
Бірінші ақпан екі мың он тоғызыншы жыл.

Мен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті берген 03.10.2012 жылы №12012969 мемлекеттік лицензиясының негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласы нотариусы Ерчеева Айгуль Адильбековна, «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы Қазақстан Республикасының азаматы **Мухамеджанов Адиль Бектасович**, менің көзімше қойған қолының түпнұсқалығын куәландырамын.

Құжатқа қол қоюшының жеке басы анықталды, өкілдің әрекет қабілеттілігі және өкілеттілігі, сонымен қатар заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі **«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамының**, тексерілді.



Тізілімде № 151 болып тіркелді.

Жеке нотариуска төленген сома: ҚР «Нотариат туралы» Заңының 30-1 бабына сәйкес  
Нотариус \_\_\_\_\_

Республика Казахстан, город Алматы,  
Первое февраля две тысячи девятнадцатого года.

Я, Ерчеева Айгуль Адильбековна, нотариус города Алматы, действующий на основании государственной лицензии № 12012969 от 03 октября 2012 года, выданной Комитетом регистрационной службы и оказания правовой помощи Министерства юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Председателя Правления акционерного общества «Ипотечная организация «Казахстанская Ипотечная Компания» **Мухамеджанова Адила Бектасовича** которая сделана в моем присутствии.

Личность подписавшего документ установлена, дееспособность и полномочия представителя, а также правоспособность юридического лица **акционерного общества «Ипотечная организация «Казахстанская Ипотечная Компания»**, проверены.



Регистровано в реестре за № 151

Сделано согласно ст.30-1 Закона РК «О нотариате»

Нотариус \_\_\_\_\_

Немірленген және баулықталған  
Пронумеровано и прошнуровано  
На 151  
парақта/страницх  
Нотариус \_\_\_\_\_

